

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«БЕКІТЕМІН»

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры



Қ.М.Баймырзаев

«13» қаңтар 2013ж.

ИНСТИТУТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

П ҚМПИ -51

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	П ҚМПИ 51	екінші	Н.Ю. Кифик	М.Ә. Төлеген	Т.С.Баянов

Қостанай қ, 2013 жыл

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы ереже	П ҚМПИ 51	4 беттің 2 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығымен бекітілген «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің типтік ережелері» мен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының Жарғысына сәйкес ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысының алқалық басқару түрі ғылыми-әдістемелік кеңес болып табылады (ҒӘК).
- 1.2. ҒӘК институттағы оқу үдерісінәдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыруды үйлестіру және жетілдіру және ҚР Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім сапасын арттыруға бағытталған мақсатта құрылады.

2. КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингін ұйымдастыру.
- 2.2. Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, оқу құралдары мен басқа да материалдарды басып шығаруды жоспарлау, сараптаманы ұйымдастыру.
- 2.3. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру.
- 2.4. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді жинақтау және тарату.
- 2.5. Педагогикалық және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау.
- 2.6. Сапа менеджменті жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар дайындау және әдістемелік әзірлемелер нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу.
- 2.7. Әдістемелік жұмыстарды үйлестіру.
- 2.8. Жаңа және қолданыстағы технологиялар мен әдістер, оқыту құралдарын енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.
- 2.9. Оқытушылардың оқу-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық орталықтарының жұмысын ұйымдастыру.
- 2.10. Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.
- 2.11. Білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру, оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.
- 2.12. Институттың профессорлық-оқытушылық құрамын аттестаттауға қатысу.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы ереже	П ҚМПИ 51	4 беттің 3 беті

3. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- 3.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптау жұмыстарын ұйымдастыру.
- 3.2. Құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңес жұмыстарының жоспарын қарастыру және келісу.
- 3.3. Жекелеген пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және мақұлдау.
- 3.4. Оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру.
- 3.5. Әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар жобасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу және талқылау.
- 3.6. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарын, оның ішінде электрондықтүрде және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру.
- 3.7. Өндіріс пен ғылыми технологиялардың басым бағыттарын болжау негізінде мамандықтар тізбесін жетілдіру туралы ұсыныстарды талқылау.
- 3.8. Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және оқытушыларға практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі формаларын енгізу мәселелерін қарастыру.
- 3.9. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

4. КЕҢЕСТІҢ САЙЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

- 4.1. Кеңес құрамына кафедра өкілдері, оқытушылар, әдіскерлер, әдістемелік бірлестіктер мен біліктілікті арттыру, қайта даярлау және кадрларды аттестаттау жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері кіреді. Кеңес құрамы ректор бұйрығымен бекітіледі.
- 4.2. Кеңесті оқу және әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор-Төрағабасқарады.
- 4.3. Кеңес мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы ереже	П ҚМПИ 51	4 беттің 4 беті

- 4.4. Кеңес жұмысы Кеңес отырысында қабылданған және оқу және әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.5. Кеңес отырысы бекітілген жоспарға сай жүргізіледі.
- 4.6. Әдістемелік кеңестің отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен әдістемелік кеңестің шешімдеріне кеңес төрағасы мен хатшысы қолтаңбасын қояды.
- 4.7. Егер кеңес отырысындаоның мүшелерінің 70 %-ы қатысса, шешім қабылдауға құқылы болады.
- 4.8. Кеңес төрағасы жылына бір рет Кеңес қызметінің нәтижелері туралы Институттың ғылыми кеңесі алдында есеп береді.
- 4.9. Кеңестің әр мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді атсалысуға, жүктелген тапсырмаларды уақтылы және нақты орындауға тиісті.